

**К. Охан, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушысы**

**ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ДЕГЕНІМІЗДІҢ ӨЗІ — МӘҢГІЛІК ЕЛ!**

*Аннотация. Мақалада жастарға тәрбие бере отырып рухын көтеру қарастырылады, Қазақстандық патриотизмге шын берілген отаншылдыққа тәрбиелеу.*

*Түйін сөздер: Қазақстандық патриотизм, отаншылдық патриотизм, патриотизм іңкәрлік, Елбасы, құндылық, патриотының тұлғасы, ұлтжандылық, отансүйгіштік, тәрбиелеу, сапалы білім, саналы тәрбие, елжандылық.*

Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында «2015 жыл — ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие» деп патриотизм мәселесіне жан-жақты тоқталып өткен болатын.

Отаншылдық патриотизм — бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну. Мәселен, кез келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз Отанының мүддесін ойлау, туған жеріне деген адалдық, өз еліңнің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан ету, өз Отаныңның бостандығы мен Тәуелсіздігін қорғау, ата-бабаларың мен Отаныңның тарихына құрметпен қарау, сондай-ақ, өзіңнің табанақы, маңдай терінді туған еліңнің гүлденуіне арнау — бұлардың барлығы да қазақстандық патриотизм деген ұғымның ішіне сияды. Жастардың бойына жоғары патриоттық сезімді және Отанына деген адалдықты қалыптастыру қажет. Ол үшін әр адам өз Отанының мүддесін қорғауда азаматтық борыштары мен конституциялық міндеттерін атқаруға әрқашан дайын болуы тиіс. Парасатты қоғам құру, қазақстандық балалардың тәрбиесін қалыптастыру — әрбіріміздің қасиетті парызымыз болуы тиіс.

Патриотизм — Отанға деген іңкәрлік, өз халқыңның табыстарына, жеріңнің игілігіне қуана білу болса, «қазақстандық патриотизмнің» ерекшелігі қандай? Біздің көзқарасымыз тұрғысынан алғанда, ол тек қазақтардың ғана емес, осынау кең-байтақ кеңістікті мекендейтін барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің ортақ тілегі-өз елінің тағдырына қобалжуы, жанашыры болуы керек. Әрине, ешкімге де елін, жерін, Отанын зорлықпен немесе жалынып-жалбарынып сүйгізе алмайсың. Елжандылық, туған жерге деген құрмет — әркімнің дербес парызы, ар-ұятының ісі. Ол ана құрсағын жарып шыққан пенденің пешенесіне бірден ұялай қалмайтыны тағы да ақиқат. Патриотизм — санаға біртіндеп қалыптасатын, тынымсыз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын ұлы сезім. Әркімнің өскен ортасына, қалыптасқан қоғамына қарай түрліше дамып, алуан сатылы деңгейде болатын, үздіксіз тәрбиенің жемісі.

Бұл — Елбасы Жолдауын жүзеге асырудағы қоғам үшін аса маңызды құндылық. Жасыратыны жоқ, дәл қазір ел патриотының тұлғасын жасақтау жағы кемшін. Оны Елбасы әрдайым айтып отырады. «Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін. Балалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз.

Қазақстан Республикасы — өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет — осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды — Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Осы мақсатқа жету жолында біздер мұғалімдер қауымы көп

тер төгуімізге тура келеді. Ол дегеніңіз, болашақ жастар, оқушылардың бойында патриоттық сезімін ояту. Отанын, елін, жерін, Ата Заңын, Мемлекеттік Рәміздерін құрметтеуге үйрету. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу — мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» — деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты — наным — сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы — қазақстандық патриотизм болды және бола бермек.

Қорыта айтқанда, сапалы білім мен саналы тәрбие беру қай уақытта да өзінің өзектілігін жоймақ емес. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мақсат еткен. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Тәуелсіз Қазақстанның нағыз патриоттарын тәрбиелеу ұстаздар қауымының жауапкершілігін арттыра түседі.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается роль воспитания молодежи в духе казахстанского патриотизма и преданности Родине.

### **RESUME**

This article discusses the role of educating the youth in the spirit of Kazakhstan patriotism and devotion to motherland